ӘБ отырысында қаралды.
ӘБ жетекшісі:
Д.О.Алипова
Хаттама №1
«26» тамыз 2025 ж.

Келісемін:
ДОІЖО:
Г.Ж.Каракулова
«26» тамыз 2025 ж.

Бекітемін:
«ZIYATKER TURAN» ЖШС
директоры:
Б. С. Даимбетова
«26» тамыз 2025 ж.

Күнтізбелік-тақырыптық жоспары

Мұғалімі: С.Т.Бейсебаева

Таңдау пәні: Көркем жазу

Сынып: 1 «А»

Сағат саны: 33

Шымкент қаласы

2025 - 2026 оқу жылы

Түсінік хат

1 - сыныптағы **«Көркем жазу»** таңдау пәнінің негізгі мақсаты қазақ тілі сабақтарындағы алған білімдерін одан әрі шыңдау. Сабақ үстінде оқушылардың негізгі білім, білік дағдыларын қалыптастыру болса, ауызша айтқандарын дәптерге каллиграфия ережелерін сақтап жазу қиын да, маңызды да қағидалардың бірі болып табылады.

Ал каллиграфия ережелерін сабақ үстінде оқушыларға толық меңгерту оңайға түспейді. Оқушылардың каллиграфиясын қалыптастыруда бұл пәннің рөлі ерекше.

Ұсынылып отырған жоспар 1- сынып бағдарламасына сәйкестендірілген. Жатқа жазу, көшіріп жазу, шағын шығармалар оқушылардың зейінін, есту қабілеттерін, есте сақтауды дамытады. Сондай - ақ жоспарда оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытатын жұмыс түрлері бар. Сонымен қатар оқушылардың ой - өрісі мен дүниетанымын кеңейтуге өз ықпалын тигізеді. Көркем жазу оқушыларды сауаттылыққа, ұқыптылыққа тәрбиелейді, сөздік қорын көбейтіп, сөйлеу тілін жетілдіреді.

«Көркем жазу» бағдарламасы 1-сыныпқа аптасына 1 сағаттан 33 сағатқа арналып жоспарланған.

«Көркем жазу» бағдарламасының мақсаты:

Балаға хат таныту, әріп таңбаларын әдемі көркем етіп салуға жаттықтыру, жазу мен оқуды үйрету.

Сауат ашудың міндеті әріпті жаза білуге үйрету емес, оның әрбір элементін дұрыс сақтауға, дәптерге қалай болса солай жазбай, оңға қарай, біркелкі көлбе, таза, анық жазуға машықтандыру міндеті тұр. Осы талаптарды орындау негізінде оқушының көркем жазу дағдысы (каллиграфия) қалыптасады.

Бағдарламада мектеп курсына енбеген тақырыптар қамтылған . Әр бөлімде берілген тақырыптар арқылы оқушылар әріп элементтерін жазуға, шағын әңгімелер құрастыруға, жұмбақтарды шешуге, мақалдарды жалғастыруға, сөздердің ұйқасын табуға, суретпен жұмыс жүргізуге, тыйым сөздер жазуға машықтанады. Оқушының каллиграфиялық қабілетін қалыптастыруда педагогикалық қоғамның тәрбиелік мәні зор.

Көркем жазу әдісі – тікелей жазу тарихымен байланысады. Әдемі жазу – өнер. Таза, анық, әдемі жазуды оқуда жеңіл, ондай жазумен берілген ойды түсіну де оңай . Әріп таңбаларын әдемі, көркем етіп салуға жаттықтыру жұмыстарды оқушы бойында жақсы қасиеттердің қалыптасуына ықпалы бар.

Оқу пәнінің мақсаты мен міндеттері

Әріп таңбаларын әдемі, көркем етіп салуға жаттықтыру мақсатында жүргізілетін жұмыстар оқушы бойына жақсы қасиеттердің қалыптасуына ықпалы етеді. Таза, әдемі, дұрыс жазуды талап ету оқушының әсемдік сезімін оятып,мінез-құлқын тәрбиелеп, жауапкершілікке, ұқыптылыққа үйретеді. Бұл тұрғыдан қарағанда көркем жазу таңдау курсы оқушыларға бағыт-бағдар береді.

1- сынып оқушыларына арналған **«Көркем жазу»** курсын 33 сағатқа есептелген. Оқыту кезеңі үш этаптан тұрады: кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды. Курстың соңында оқушылар әріп белгілерін саналы түрде және дәл орындауы қажет. Бұл курсты ұйымдастыру барысында оқушылардың жазу мәдениеті көтеріледі.

Мақсаты:

Оқушылардың жазу дағдысын меңгеруіне көмек беру , жазу тілін, тіл және әдебиет туралы алғашқы мәліметтер беру. Баланы қарым-қатынас мәдениетіне үйрету

Міндеті:

- Сабақты ұйымдастыру барсында ойын, жаттығу, тренингтерді жүйелі қолдана отырып, зейін, қабылдау, есте сақтау, ойлау сияқты психикалық қызметтерін дамыту;
- Жазу тілі туралы алғашқы түсініктерін қалыптастыру;
- Графикалық қырағылығы : графикалық қателерді көру және оларды түзеу жолдарын табу, әріптер мен сөздер арасындағы қажетті пропорцияларды сақату дағдыларын қалыптастыру;
- Оқушылардың жазу, жазу тілі, жазу мәдениеті ұғымдары бойынша білімін тереңдету;
- **Нәтижесі:**

-әріптерді каллиграфия талаптарына сай жазуға дағдыланады;

-әріптер сырын толық игеруге мүмкіндік алады;

-грамматикалық тапсырмаларды орындай алуға машықтанады;

-шығармашылық тапсырмаларды орындап үйренеді.

- сауатты жазу дағдылары қалыптасады;

Пәнді меңгеру деңгейіне қойылатын талаптар

Білімі мен білігі бойынша:

- «Көркем жазу» пәнін;
- Көркем жазудың бастапқы негіздерін;
- Графикалық белгілерді;
- Жазу тәртібі;
- Жазу нормативі;
- Қатесіз және жатқа жазу;

Дағдылары бойынша:

- Графикалық қателерді көру және жөндеу жолдарын табу;
- Әріптер мен сөздер арасындағы қажетті пропорцияларды сақтау;
- Сөздер арасындағы қашықтықты сақтау;
- Әріптердің жазылу алгоритмін;
- Әріптер мен әріптерді байланыстырып жазу;
- Жазу жылдамдық нормаларында орындау;
- Баспа мәтінін көшіріп жазу;
- Жай сөздерді жатқа жазу

Күнтізбелік жоспар

	№	Тақырып мазмұны	Сағат саны	Мерзімі
		I тоқсан 8 сағат		
1	1	Сөйлеу не үшін керек?	1	**3.09.2025**
2	2	Тік қиғаш сызықтар салу	1	**10.09.2025**
3	3	Сызықтарды параллель жүргізу	1	**17.09.2025**
4	4	Әріп жазуға дайындық элементтері	1	**24.09.2025**
5	5	Әріп элементтерін бөлек салу	1	**1.10.2025**
6	6	Бас әріп элементін үзіліссіз жазу	1	**8.10.2025**
7	7	Кіші әріп элементін үзіліссіз жазу	1	**15.10.2025**
8	8	А, Н әріптері. Алматы -әсем қала	1	**22.10.2025**
		II тоқсан 8 сағат		
9	1	Л, Р әріптері. Лақ	1	**5.11.2025**
10	2	О, Т әріптері. Орман	1	**12.11.2025**
11	3	У, Ш әріптері. Шеге	1	**19.11.2025**
12	4	С, Д әріптері. Сағат	1	**26.11.2025**
13	5	Ы, М әріптері. Ырыс алды- ынтымақ	1	**3.12.2025**
14	6	Қ, Ұ әріптері. Құстың ұясы	1	**10.12.2025**
15	7	Өзіндік жұмыс	1	**17.12.2025**
16	8	Өткен материалды қайталау.	1	**24.12.2025**
		III тоқсан 9 сағат		
17	1	І, Е әріптері. Отбасылық еңбек	1	**8.01.2026**
18	2	К, Ү әріптері. Көлік түрлері	1	**15.01.2026**
19	3	И, Й әріптері. Ит	1	**22.01.2026**
20	4	Ғ, Г әріптері. Ғарыш	1	**29.01.2026**
21	5	ң, Ө әріптері. Аңдардың тіршілігі	1	**5.02.2026**
22	6	З, Ә Зығыр. Зығыр	1	**19.02.2026**
23	7	Ж, П әріптері. Жайлау	1	**26.02.2026**
24	8	Б, Х. Хатқа жазылған бата	1	**5.03.2026**
25	9	Өзіңді –өзің тексер	1	**12.03.2026**
		IV тоқсан 8 сағат		
26	1	Я, Ф, Ю әріптері. Аю	1	**2.04.2026**
27	2	Е, В,Э әріптері. Элеватор	1	**9.04.2026**
28	3	Ц, Щ, Ч әріптері. Цирк	1	**16.04.2026**
29	4	ь, ъ әріптері. Лагерь	1	**23.04.2026**
30	5	Заттың атын білдіретін сөздер	1	**30.04.2026**
31	6	Бас әріппен, кіші әріппен жазылатын сөздер	1	**7.05.2026**
32	7	Заттың іс-қимылын, сынын, санын білдіретін сөздер	1	**14.05.2026**
33	8	Диктант	1	**21.05.2026**

Оқу курсының тақырыптарының мазмұны

I тоқсан 9 сағат

Жазу ережелерімен таныстыру деген тақырыппен басталады. Тік, қиғаш сызықтар салуды, сызықтарды параллель жүргізуді, әріп жазуға дайындық элементтерімен, бас әріп элементін үзіліссіз жазу, кіші әріп элементін үзіліссіз жазуды және А, Н әріптерін көркем жазуды үйретеді.

II тоқсан 7 сағат

Оқушылармен білімдерін саралау мақсатында деңгейлік тапсырмалар орындату. II тоқсанда әріптер және сол әріптерге байланысты мәтін беріледі, сол мәтіннің тапсырмаларын орындайды. Л, Р әріптері " Лақ ", О, Т әріптері " Орман" , У, Ш әріптері " Шеге", С, Д әріптері " Сағат", Ы, М әріптері "Ырыс алды- ынтымақ", Қ, Ұ әріптері " Құстың ұясы" және бөлімді қорытындылау ретінде оқушылардан өзіндік жұмыс алынады

III тоқсан 9 сағат

III тоқсанда әріптер және сол әріптерге байланысты мәтін беріледі, сол мәтіннің тапсырмаларын орындайды. І, Е әріптері " Отбасылық еңбек", К, Ү әріптері " Көлік түрлері", И, Й әріптері "Ит", Ғ, Г әріптері "Ғарыш", ң, Ө әріптері "Аңдардың тіршілігі", З, Ә "Зығыр", Ж, П әріптері " Жайлау", Б, Х "Хатқа жазылған бата" және бөлімді қорытындылау ретінде оқушылардан өзіндік жұмыс алынады.

IV тоқсан 8 сағат

Я, Ф, Ю әріптері "Аю", Е, В,Э әріптері "Элеватор", Ц, Щ, Ч әріптері "Цирк", ь, ъ әріптері "Лагерь", заттың атын білдіретін сөздер, бас әріппен, кіші әріппен жазылатын сөздер, заттың іс-қимылын, сынын, санын білдіретін сөздер және жылдық қорытындылау ретінде оқушылардан тест алынады.

Тәжірибелік бөлім

Оқушыларға қосымша берілетін тапсырмалар

Жеке тақырыптар бойынша берілетін тапсырмалар

- әріптерді бас әріппен көркем жазу;
- әріптерді кіші әріппен көркем жазу;
- әріп элементін үзіліссіз жазу;
- әр түрлі ойындар.

Оқушылардың білім деңгейін бақылау

Мектептегі оқыту үрдісі сауат ашудан басталатыны белгілі. Сауат ашу жұмысының негізгі мақсаты - балаға хат таныту, яғни оған жазу мен оқуды үйрету. Сауат ашу - аса жауапты да, күрделі жұмыс.

Мектепке алғаш келгеннен бастап, баланың жазуына жете көңіл бөлмеу көп жағдайда оның өз ісіне салдыр-салақ қарауына, жауапкершілікті сезінбеуге әкеп соғады. Таза, әдемі жазуды талап ету оқушының әсемдік сезімін оятып, мінез-құлқын тәрбиелеп, жауапкершілікке тыңғылықтылыққа, ұқыптылыққа үйретеді. Әдемі, анық жазуға үйрету арқылы мұғалім оқушыны еңбексүйгіштікке, ұқыптылыққа, әдемілікке тәрбиелейді.

Көркем жазудың ойдағыдай болуы гигиеналық талаптарды орындаудың нәтижесінде болады. Ол мектеп жиһазы партаның оқушыға сәйкес келуі, оның ыңғайлылығы, жарықтың түсуі.

Жазу процесінде оқушы дұрыс отыру керек, қаламсапты дұрыс ұстауы, дәптерді партаға орналастыруы, осының әрі баланың көзіне, жазуына жұмыс қабілетіне әсерін тигізеді. Отырғанда орындық партаға кіріп тұруы керек, сол қол дәптерді басып тұрады, ал оң қолдың басы дәптерде жатады. Бала мен партаның арасына жұдырық сыятындай болуы керек. Көз бен дәптердің арасы 30 см болуы шарт. Жарық сол жақтан түсуі керек. Жазу ұзақтығы 1 сыныпта- 5 минут, 2 сыныпта-8 минут, 3 сыныпта- 12 мин, 4 сыныпта- 15 мин. Одан ұзақ жазу баланы шаршатады. Арасында балаларды демалдырып, сергіту жаттығуларын жасаған жөн

Жазуды үйренуде мына принциптерді сақтаған жөн:

1. Көрнекілік принципі: мұғалім тақтаға, дәптерге таблицаға көрнекіліктер арқылы жазып көрсетеді.

2. Сапалық принципі: мұғалім басында не үшін қиғашынан жазады, әріптерді қалай басқарады, әріптердің биіктігі қандай болу керек екенін түсіндіреді. Қиғашынан жазу тез, әрі ыңғайлы.

3. Қайталау принципі: жаттығуды орындау кезінде пайдаланады. Жазылған нәрсеге міндетті түрде анализ беріледі. Баланың жазған жазуының дұрыстығын тексеріп отырады.

Мұғалімге ұсынылатын әдебиеттер тізімі:

- Қазақстан Республикасының жалпыға міндеттібастауыш білім беру стандарты. Негізгі ережелер-Астана 2002 ж.
- Безруких М.М. Трудности обучения пияьму и чтению в начальной школе. – Москва: Первое сентября.2009 ж.
- Безруких М.М. Методика оценки сформированности навыков письма и чтения. – москва: Первое сентября. 2009 ж.
- Кенжеғұлова А. Оқушылардың жазба тіл дағдысын қалыптастыру. Алматы: Бастауыш мектеп.2005 ж.
- Тематическое планирование для 1 класса. Учебно- методический комплект «Планета знаний». Москва: Начальная школа. 2006 ж.

Оқушыға ұсынылатын әдебиеттер тізімі:

- Көркем жазу. Ерешева К. Калмуханбетова К. Алматы 2012 ж.

Пәнді оқу-әдістемелік жағынан қамтамассыз ету

Оқыту - теориялық : оқулық, лекция.

Оқыту – практикалық: жаттығулар мен тапсырмалар, тест жинағы, тәжірибелік, саламандық жұмыстар жинағы.

Оқыту - әдістемелік: курсты үйренуге әдістемелік ұсыныстар, реферат, зерттеу жұмысын суреттеу. Оқыту – анықтамалық: сөздік, анықтама.

Оқыту – көрнекілік: альбом.

Оқыту – библиографиялық.

Таңдау курсы бойынша оқу әдістемелік кешенінің тізімі

1. Ғаламтор.
2. Қазақ энциклопедиясы.
3. Газет, журналдар.

Пәні:	Көркем жазу
Күні:	3.09.2025
Педагогтің аты-жөні:	Бейсебаева С.Т
Сынып:	**1 «А»**
Сабақтың тақырыбы	Сөйлеу не үшін қажет?
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	**Дамытушылығы:** Сөйлеу не үшін қажет?- екенін түсіну. Көркем жазуға үйрету жүйесіндегі әр түрлі әдістер арқылы, жазу үрдісіндегі ережені сақтауға дағдыландыру. **Тәрбиелігі**: Тарихи жазба жәдігерлерді таныстыра отырып, оқушының ұлттық сезімін оятып, мінез-құлқын тәрбиелеу.
Сабақтың мақсаты	Көркем жазудың тарихы мен көркем жазуға қойылатын талаптар туралы негізгі түсінікті қалыптастыру.

Сабақ барысы

Сабақтың кезеңі/ уақыты	**Педагогтің әрекеті**	**Оқушының әрекеті**	**Бағалау**	**Ресурстар**
Сабақтың басы (5 мин)	**Ұйымдастыру кезеңі:** 1.Оқушыларды сабаққа даярлау, бір-біріне ізгі тілектерін айтып, кішіпейілдік танытуға ұсыныс жасалады. 2.Көркем жазу пәнінен алдыңғы сыныпта өтілген тапсырмаларды бағыттаушы сұрақтар арқылы пысықтау.	Оқушылар сабаққа назар аударады. Нейро жаттығулар арқылы когнитивті процестерді іске қосады.	Мадақтау Жарайсың!, Керемет! Жақсы! Талпын!	
Сабақтың ортасы (20 мин)	***1-тапсырма*** әріп элементтерін үлгі бойынша, таза, әдемі етіп жазуға ұсынылады. Қолды үзбей, байланыстырып жазуға дағдыланады. ***2-тапсырманы*** сызықтық әдіспен орындап, түзу сызықты пайдалану арқылы өлең шумағын құрастыру ұсынылады. Жазуды үйренудің өз өміріне қандай жеңілдіктер әкелгенін сезінеді.	1. Әріп элементтерін көркем жазады 2. Қолды үзбей байланыстырып жазады. 3. Өлең шумағын құрастырады Сұраққа жауап береді	Мадақтау Жарайсың!, Керемет! Жақсы! Талпын! Лайктар салынған таратпа	Қалам, дәптер, қылқалам, бояудың суреттері
Сергіту сәті 5 минут	Кешірімді боламыз (Өзін көрсетеді), Жұлдыздай боп жанамыз (Қолын жоғары көтереді). Кіші пейіл боламыз (Өзін көрсетеді), Құстай қанат қағамыз (Қолдарын жайып қанат қағып, саусақтарды жазуға дайындайды).	Жаттығуды орындайды Сұраққа жауап береді Жаттығуды жасайды	Жарайсың! Керемет!	
Сабақтың соңы **10 мин**	**Кері байланыс** - Бүгінгі сабақта қандай тапсырма ұнады? - Көңіл күйін қалай ? - Қандай тапсырма қиын болды?	Бүгінгі сабақтан алған әсерімен бөліседі	Мадақтау Жарайсың!, Керемет! Жақсы! Талпын!	Лайк суреті салынған таратпа Көк қарын даш

Пәні:	Көркем жазу
Күні:	17.09.2025ж
Педагогтің аты-жөні:	С.Т.Бейсебаева
Сынып:	**1 «А»**
Сабақтың тақырыбы	Лл әрпін көркем жазу
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	**Білімділігі**:Өрнектерді орындау барысында жазу ережелерімен таныстыру. Лл әрпінің емлесін көркем етіп жазуға үйрету. Графикалық қателерді көру және оларды түзету жолдарын таба білуге дағдыландыру. **Дамытушылығы:** Қосымша тапсырмалар арқылы, сезімталдығын, психикалық қызметтерін дамыту. **Тәрбиелігі**: Алған білімдерін тиянақтай отырып, шыншылдыққа, ұлтжандылыққа тәрбиелеу.
Сабақтың мақсаты	Көркем жазудың тарихы мен көркем жазуға қойылатын талаптар туралы негізгі түсінікті қалыптастыру.

Сабақ барысы

Сабақтың кезеңі/ уақыты	**Педагогтің әрекеті**	**Оқушының әрекеті**	**Бағалау**	**Ресурстар**
Сабақтың басы **(5 мин)**	Ұйымдастыру кезеңі: Қарлығаш керілді (қолдарымызды жоғары көтереміз). Қолдарын жазды (қолымызды екі жаққа жазамыз). Еңкейді (төмен қарай иілеміз, қолымызды төмен түсіреміз). Шайқалды (екі жаққа қарай теңселеміз). Алтын кілт тапты да, (қолымызды айқастырамыз). Үйіне қайтты. (қолымызды жоғары көтереміз де бір орында тұрып, адымдаймыз).	Оқушылар сабаққа назар аударады. Нейро жаттығулар арқылы когнитивті процестерді іске қосады.	Мадақтау Жарайсың!, Керемет! Жақсы! Талпын!	

Сабақтың ортасы **(20 мин)**	**1 – тапсырма.** Лл әрпінің элементтерін, сөздерді үлгі бойынша жазу ұсынылады. **2 – тапсырма.** Тапқыр балаға тапсырма. **3 – тапсырма.** Нүктелердің орнына мақалдың жалғасын қойып, көшіріп жазу. 1. Ақылдың сабыр – ... . 2. Мұғалім – мектептің ... .3. Жақсы бала – ата – ананың ... . Керекті сөздер: жүрегі, тірегі, серігі **4 – тапсырма.** Көру диктанты. Өлеңді жатқа жазу. Таң шапағы арайлап, Дала нұрға боялды. Балалардың барлығы, Ұйқысынан оянды.	1. Әріп элементтерін көркем жазады 2. Қолды үзбей байланыстырып жазады. 3. Өлең шумағын құрастырады Сұраққа жауап береді	Мадақтау Жарайсың!, Керемет! Жақсы! Талпын! Лайктар салынған таратпа	Қалам, дәптер, қылқалам, бояудың суреттері
Сергіту сәті **5 минут**	Кешірімді боламыз (Өзін көрсетеді), Жұлдыздай боп жанамыз (Қолын жоғары көтереді). Кіші пейіл боламыз (Өзін көрсетеді), Құстай қанат қағамыз (Қолдарын жайып қанат қағып, саусақтарды жазуға дайындайды).	Жаттығуды орындайды Сұраққа жауап береді Жаттығуды жасайды	Жарайсың! Керемет!	

Сабақтың соңы **10 мин**	**Кері байланыс** - Бүгінгі сабақта қандай тапсырма ұнады? - Көңіл күйін қалай ? - Қандай тапсырма қиын болды?	Бүгінгі сабақтан алған әсерімен бөліседі	Мадақтау Жарайсың!, Керемет! Жақсы! Талпын!	Лайк суреті салынған таратпа Көк қарын даш

Пәні:	Көркем жазу
Күні:	08.10.2025ж
Педагогтің аты-жөні:	С.Т.Бейсебаева
Сынып:	**1 «А»**
Сабақтың тақырыбы	Нн әрпін көркем жазу
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	**Білімділігі**:Өрнектерді орындау барысында жазу ережелерімен таныстыру.Нн әрпінің емлесін көркем етіп жазуға үйрету. Графикалық қателерді көру және оларды түзету жолдарын таба білуге дағдыландыру. **Дамытушылығы:** Қосымша тапсырмалар арқылы, сезімталдығын, психикалық қызметтерін дамыту. **Тәрбиелігі**: Алған білімдерін тиянақтай отырып, шыншылдыққа, ұлтжандылыққа тәрбиелеу.
Сабақтың мақсаты	Көркем жазудың тарихы мен көркем жазуға қойылатын талаптар туралы негізгі түсінікті қалыптастыру.

Сабақ барысы

Сабақтың кезеңі/ уақыты	**Педагогтің әрекеті**	**Оқушының әрекеті**	**Бағалау**	**Ресурстар**
Сабақтың басы (5 мин)	Ұйымдастыру кезеңі: Қарлығаш керілді (қолдарымызды жоғары көтереміз). Қолдарын жазды (қолымызды екі жаққа жазамыз). Еңкейді (төмен қарай иілеміз, қолымызды төмен түсіреміз). Шайқалды (екі жаққа қарай теңселеміз). Алтын кілт тапты да, (қолымызды айқастырамыз). Үйіне қайтты. (қолымызды жоғары көтереміз де бір орында тұрып,	Оқушылар сабаққа назар аударады. Нейро жаттығулар арқылы когнитивті процестерді іске қосады.	Мадақтау Жарайсың!, Керемет! Жақсы! Талпын!	

	адымдаймыз).			
Сабақтың ортасы **(20 мин)**	**1 – тапсырма.** Нн әрпінің элементтерін, сөздерді үлгі бойынша жазу ұсынылады. **2 – тапсырма.** Тапқыр балаға тапсырма. **3 – тапсырма.** Нүктелердің орнына мақалдың жалғасын қойып, көшіріп жазу. 1. Ақылдың сабыр – ... . 2. Мұғалім – мектептің ... .3. Жақсы бала – ата – ананың ... . Керекті сөздер: жүрегі, тірегі, серігі **4 – тапсырма.** Көру диктанты. Өлеңді жатқа жазу. Таң шапағы арайлап, Дала нұрға боялды. Балалардың барлығы, Ұйқысынан оянды.	1. Әріп элементтерін көркем жазады 2. Қолды үзбей байланыстырып жазады. 3. Өлең шумағын құрастырады Сұраққа жауап береді	Мадақтау Жарайсың!, Керемет! Жақсы! Талпын! Лайктар салынған таратпа	Қалам, дәптер, қылқалам, бояудың суреттері
Сергіту сәті **5 минут**	Кешірімді боламыз (Өзін көрсетеді), Жұлдыздай боп жанамыз (Қолын жоғары көтереді). Кіші пейіл боламыз (Өзін көрсетеді), Құстай қанат қағамыз (Қолдарын жайып қанат қағып, саусақтарды жазуға дайындайды).	Жаттығуды орындайды Сұраққа жауап береді Жаттығуды жасайды	Жарайсың! Керемет!	

Сабақтың соңы **10 мин**	**Кері байланыс** - Бүгінгі сабақта қандай тапсырма ұнады? - Көңіл күйін қалай ? - Қандай тапсырма қиын болды?	Бүгінгі сабақтан алған әсерімен бөліседі	Мадақтау Жарайсың!, Керемет! Жақсы! Талпын!	Лайк суреті салынған таратпа Көк қарын даш

Пәні:	Көркем жазу
Күні:	05.11.2025ж
Педагогтің аты-жөні:	С.Т.Бейсебаева
Сынып:	**1 «А»**
Сабақтың тақырыбы	Өзіндік жұмыс
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	**Білімділігі**:Өрнектерді орындау барысында жазу ережелерімен таныстыру. Өтілген әріптерінің емлесін көркем етіп жазуға үйрету. Графикалық қателерді көру және оларды түзету жолдарын таба білуге дағдыландыру. **Дамытушылығы:** Қосымша тапсырмалар арқылы, сезімталдығын, психикалық қызметтерін дамыту. **Тәрбиелігі**: Алған білімдерін тиянақтай отырып, шыншылдыққа, ұлтжандылыққа тәрбиелеу.
Сабақтың мақсаты	Көркем жазудың тарихы мен көркем жазуға қойылатын талаптар туралы негізгі түсінікті қалыптастыру.

Сабақ барысы

Сабақтың кезеңі/ уақыты	**Педагогтің әрекеті**	**Оқушының әрекеті**	**Бағалау**	**Ресурстар**
Сабақтың басы **(5 мин)**	Ұйымдастыру кезеңі: Қарлығаш керілді (қолдарымызды жоғары көтереміз). Қолдарын жазды (қолымызды екі жаққа жазамыз). Еңкейді (төмен қарай иілеміз, қолымызды төмен түсіреміз). Шайқалды (екі жаққа қарай теңселеміз). Алтын кілт тапты да, (қолымызды айқастырамыз). Үйіне қайтты. (қолымызды жоғары көтереміз де бір орында тұрып, адымдаймыз).	Оқушылар сабаққа назар аударады. Нейро жаттығулар арқылы когнитивті процестерді іске қосады.	Мадақтау Жарайсың!, Керемет! Жақсы! Талпын!	

Сабақтың ортасы **(20 мин)**	***1. Буын жалғасын тап.*** Ал- Ар- Ай **2. Сөздік диктант орындау.** *Нан, ана, ар-* *на, аң, таң, на, ан* **3. Дыбыстардың кіші әрпін жаз.** А Ә П Р Н Д Б **4. А әрпінен келетін сөздерді жаз.** **5. Н әрпінен келетін сөздерді жаз.** Таң шапағы арайлап, Дала нұрға боялды. Балалардың барлығы, Ұйқысынан оянды.	1. Әріп элементтерін көркем жазады 2. Қолды үзбей байланыстырып жазады. 3. Өлең шумағын құрастырады Сұраққа жауап береді	Мадақтау Жарайсың!, Керемет! Жақсы! Талпын! Лайктар салынған таратпа	Қалам, дәптер, қылқалам, бояудың суреттері
Сергіту сәті **5 минут**	Кешірімді боламыз (Өзін көрсетеді), Жұлдыздай боп жанамыз (Қолын жоғары көтереді). Кіші пейіл боламыз (Өзін көрсетеді), Құстай қанат қағамыз (Қолдарын жайып қанат қағып, саусақтарды жазуға	Жаттығуды орындайды Сұраққа жауап береді Жаттығуды жасайды	Жарайсың! Керемет!	

	дайындайды).			
Сабақтың соңы **10 мин**	**Кері байланыс** - Бүгінгі сабақта қандай тапсырма ұнады? - Көңіл күйін қалай ? - Қандай тапсырма қиын болды?	Бүгінгі сабақтан алған әсерімен бөліседі	Мадақтау Жарайсың!, Керемет! Жақсы! Талпын!	Лайк суреті салынған таратпа Көк қарын даш

Пәні:	Көркем жазу
Күні:	26.11.2025ж
Педагогтің аты-жөні:	С.Т.Бейсебаева
Сынып:	**1 «А»**
Сабақтың тақырыбы	Дыбыстар мен әріптер
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	**Білімділігі**: Оқушыларда дыбыстар мен әріптер туралы ұғым қалыптастыра отырып, тілін дамыту. Графикалық қателерді көру және оларды түзету жолдарын таба білуге дағдыландыру. **Дамытушылығы:** Қосымша тапсырмалар арқылы, сезімталдығын, психикалық қызметтерін дамыту. **Тәрбиелігі**: Алған білімдерін тиянақтай отырып, шыншылдыққа, ұлтжандылыққа тәрбиелеу.
Сабақтың мақсаты	Көркем жазудың тарихы мен көркем жазуға қойылатын талаптар туралы негізгі түсінікті қалыптастыру.

Сабақ барысы

Сабақтың кезеңі/ уақыты	**Педагогтің әрекеті**	**Оқушының әрекеті**	**Бағалау**	**Ресурстар**
Сабақтың басы **(5 мин)**	Ұйымдастыру кезеңі: Қарлығаш керілді (қолдарымызды жоғары көтереміз). Қолдарын жазды (қолымызды екі жаққа жазамыз). Еңкейді (төмен қарай иілеміз, қолымызды төмен түсіреміз). Шайқалды (екі жаққа қарай теңселеміз). Алтын кілт тапты да, (қолымызды айқастырамыз). Үйіне қайтты. (қолымызды жоғары көтереміз де бір орында тұрып, адымдаймыз).	Оқушылар сабаққа назар аударады. Нейро жаттығулар арқылы когнитивті процестерді іске қосады.	Мадақтау Жарайсың!, Керемет! Жақсы! Талпын!	
Сабақтың ортасы **(20 мин)**	Дыбыстар - бұл тілдің фонетикалық элементтері, олар ауызша сөйлеу кезінде шығарылады. Дыбыстар екі түрге бөлінеді: дауысты (а, е, и, о, у) және дауыссы	1. Әріп элементтерін көркем жазады 2. Қолды үзбей байланыстырып жазады.	Мадақтау Жарайсың!, Керемет!	Қалам, дәптер, қылқалам, бояудың

	з (б, в, г, д, ж, з). Дыбыстардың әрқайсысы сөздің мағынасын өзгертуі мүмкін, сондықтан оларды дұрыс айту және тыңдау маңызды. Әріптер Әріптер - бұл дыбыстарды жазбаша түрде білдіретін графикалық символдар. Қазақ тілінде 42 әріп бар, олар дыбыстарды жазу үшін қолданылады. Әріптер сөздерді, сөйлемдерді және мәтіндерді құрастыру үшін пайдаланылады. Әріптер мен дыбыстардың арасындағы байланыс - фонетикалық жазу жүйесінің негізі. Дыбыстар мен Әріптердің Айырмашылығы Дыбыстар - бұл сөйлеу кезінде пайда болатын фонемалар, ал әріптер - бұл жазбаша түрде дыбыстарды білдіретін символдар. Мысалы, "кит" сөзінде "к", "и", "тды быстары бар, ал оларды жазуүшін "к", "и", "т" әріптері қолданылады. Дыбыстар мен әріптерді түсіну - балалардың сауаттылығын дамытуда маңызды қадам. Оларды дұрыс үйрету арқылы балалардың тілдік дағдыларын жетілдіруге болады.	3. Өлең шумағын құрастырады Сұраққа жауап береді	Жақсы! Талпын! Лайктар салынған таратпа	суреттері
Сергіту сәті **5 минут**	Кешірімді боламыз (Өзін көрсетеді), Жұлдыздай боп жанамыз (Қолын жоғары көтереді). Кіші пейіл боламыз (Өзін көрсетеді), Құстай қанат қағамыз (Қолдарын жайып қанат қағып, саусақтарды жазуға дайындайды).	Жаттығуды орындайды Сұраққа жауап береді Жаттығуды жасайды	Жарайсың! Керемет!	
Сабақтың соңы **10 мин**	- Өте жақсы, балалар. Мен сендермен кішкене демалу үшін ойын ойнағым келіп отыр. Ойынның аты: «Дауысты дыбыстар». Осы дауысты дыбыстардың әрбіреуінің өз мағанасы бар. Мысалы: «А»- дыбысы - қуаныш белгісі,	Бүгінгі сабақтан алған әсерімен бөліседі	Мадақтау Жарайсың!, Керемет! Жақсы! Талпын!	Лайк суреті салынған таратпа Көк қарын даш

	«У»- дыбысы - шексіз белгісі, «О»- дыбысы - қанағаттық белгісі, «И»- дыбыс - тепе - теңдік белгісі. Қызықтыру сәті: (Осы кезде үлкен шар ұшып келеді.) - Балалар қараңдаршы, Күлшат сендерге ойыны бар шар ұшырып жіберіпті. Бұл шардың сыртында мен айтқан дауысты дыбыстар бар екен Мен қазір «А» дегенде қолдарыңды көтеріңдер. «У» дегенде қолдарыңды алға созыңдар. «О» дегенде қолдарыңды айқастырып кеудеге қойыңдар. «И» дегенде бір қолды жоғары, бір қолды төмен созыңдар. - Қазір естіген дыбыстарды қағаз бетіне түсірейік. Балалар дәптермен жұмыс жасайды. - Балалар, дыбыстар нешеге және қалай бөлінеді? - Екіге бөлінеді. Дауысты, дауыссыз. Балалар дауысты, дауыссыз сөздерді ажырата алды. - Ендеше балалар дауысты дыбысты қызыл текшемен, ал дауыссыз дыбысты көк текшемен белгілейміз. - Балалар енді тірек сызбаға қарайық. Ағаш Алма Бала Балық А Б Аспан Алша Балта Балға - Балалар бүгін сендер сабаққа өте жақсы қатыстыңдар.**Кері байланыс** - Бүгінгі сабақта қандай тапсырма ұнады? - Көңіл күйін қалай ? - - Қандай тапсырма қиын болды?			

Пәні:	Көркем жазу
Күні:	03.12.2025ж
Педагогтің аты-жөні:	С.Т.Бейсебаева
Сынып:	**1 «А»**
Сабақтың тақырыбы	Әже, Жуан және жіңішке дауысты дыбыстар
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	**Білімділігі**:Оқушыларда сөйлеу туралы ұғым қалыптастыра отырып, сөйлеу тілін дамыту.Графикалық қателерді көру және оларды түзету жолдарын таба білуге дағдыландыру. **Дамытушылығы:** Қосымша тапсырмалар арқылы, сезімталдығын, психикалық қызметтерін дамыту. **Тәрбиелігі**: Алған білімдерін тиянақтай отырып, шыншылдыққа, ұлтжандылыққа тәрбиелеу.
Сабақтың мақсаты	Көркем жазудың тарихы мен көркем жазуға қойылатын талаптар туралы негізгі түсінікті қалыптастыру.

Сабақ барысы

Сабақтың кезеңі/ уақыты	**Педагогтің әрекеті**	**Оқушының әрекеті**	**Бағалау**	**Ресурстар**
Сабақтың басы **(5 мин)**	Ұйымдастыру кезеңі: Қарлығаш керілді (қолдарымызды жоғары көтереміз). Қолдарын жазды (қолымызды екі жаққа жазамыз). Еңкейді (төмен қарай иілеміз, қолымызды төмен түсіреміз). Шайқалды (екі жаққа қарай теңселеміз). Алтын кілт тапты да, (қолымызды айқастырамыз). Үйіне қайтты. (қолымызды жоғары көтереміз де бір орында тұрып, адымдаймыз).	Оқушылар сабаққа назар аударады. Нейро жаттығулар арқылы когнитивті процестерді іске қосады.	Мадақтау Жарайсың!, Керемет! Жақсы! Талпын!	

Сабақтың ортасы **(20 мин)**	Жуан жіне жіңішке дауысты дыбыстар **Әже мәтінін жазу** 1 - жаттығу. Мәтінмен жұмыс: а) Мұғалімнің мәтінді оқуы ә) Оқушыларға мәтінді кезектестіріп оқыту. Б) Мәтіннің мазмұны талданады. 1. Мәтінде кім жайлы айтылған? 2. Апасы не себепті Үсенге үндемеді? 3. Үсен неліктен көрінбейтін бала болғысы келмеді? 4. Үсен әдепті баланың қатарына қосылды ма?	1. Әріп элементтерін көркем жазады 2. Қолды үзбей байланыстырып жазады. 3. Өлең шумағын құрастырады Сұраққа жауап береді	Мадақтау Жарайсың!, Керемет! Жақсы! Талпын! Лайктар салынған таратпа	Қалам, дәптер, қылқалам, бояудың суреттері
Сергіту сәті **5 минут**	Кешірімді боламыз (Өзін көрсетеді), Жұлдыздай боп жанамыз (Қолын жоғары көтереді). Кіші пейіл боламыз (Өзін көрсетеді), Құстай қанат қағамыз (Қолдарын жайып қанат қағып, саусақтарды жазуға дайындайды).	Жаттығуды орындайды Сұраққа жауап береді Жаттығуды жасайды	Жарайсың! Керемет!	
Сабақтың соңы **10 мин**	**- Ертеде бір қаңбақ шал елсіз далада келе жатып, аспан әлеміне желмен ұшып кетіпті. Ол аспан әлемін аралап жүріп бір кішкене планетаға кезігеді. Қаңбақ шал ол планетаның атын (не арқылы сұрайды) қалай біледі?** **Балалар ол планетаның атын онымен сөйлесу арқылы білетінін айтады.**	Бүгінгі сабақтан алған әсерімен бөліседі	Мадақтау Жарайсың!, Керемет! Жақсы! Талпын!	Лайк суреті салынған таратпа Көк қарын даш

	- Ол меркурий планетасы екен. Меркурий планетасы қаңбақ шалды басқа да планеталармен таныстырады. **Кері байланыс** - Бүгінгі сабақта қандай тапсырма ұнады? - Көңіл күйін қалай ? - Қандай тапсырма қиын болды?			

Білім беру ұйымының атауы	«ZIYATKER TURAN» ЖШС мектебі	
Пәні:	Көркем жазу	
Бөлім:	Дыбыс және әріп	
Педагогтің аты-жөні:	С.Т.Бейсебаевап	
Күні:	22.01.2026ж	
Сынып:	1 «А»	
Сабақтың тақырыбы:	**Ққ, ң әріптерінің элементтерін жазу**	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты:	Ққ, ң дыбысы мен әрпін таныту. Сөзге дыбыстық, буындық талдау жасату. Қ,ң дыбысының әріп элементтерін, сөздерді дұрыс жазуға, есте сақтауға үйрету, тілін дамыту.	
Сабақтың мақсаты	Ққ, ң дыбысы мен әрпін таныту. Сөзге дыбыстық, буындық талдау жасату. Ққ, ң дыбысының әріп элементтерін, сөздерді дұрыс жазуға, есте сақтауға үйрету, тілін дамыту.	
Құндылықтар	<u>заң және тәртіп</u> өз құқықтары мен міндеттерін білу, әдеп нормаларын ұстану, сыныптағы және мектептегі мінез-құлық ережелерін сақтау;	

Сабақтың барысы


Сабақтың кезеңі// уақыты	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақ тың басы	Психологиялық ахуал «Амандасу» әдісі Өткенді пысықтау Сабаққа кіріспе Оқушыларды оқу мақсаты және бағалау критерийімен таныстыру ФС-тапсырма.Жаңа сабақ.ҰЖ 1- тапсырма. Ққ, ң әріптерін көркем жаз *Е с і ң д е с а қ т а!* *Қ-дауыссыз, қатаң дыбыс* *ң-дауыссыз үнді дыбыс*	Амандаса ды Жақсы тілектер айтады. Тапсырманы орындайды	 Дескриптор: Ққ, ң әріптерін көркем жазады Қысқы ойындарды	Көңіл күй стикерлері Суреттер

Сабақ тың ортасы	2- тапсырма. "Қысқы ойындарды" ата, жаз 	.	атап жазады	Қималар
			Дескриптор: Мәтіннен көлік түрлерін теріп жазады	Таратпа парақтар
	ЕБҚ тапсырманы орындауда қолдау көрсетіледі	Көркем жазады		
	Сергіту сәті			
	3.Мәтінмен жұмыс Көлік түрлері		Сөздерде жалғастырып жазады	Оқушы жұмысы
Сабақты қорыту	Жолаушылар яғни адамдар әр түрлі себептермен бір жерден екінші жерге қатынайды. Біреулер туыстарына барса, енді біреулері сауда жасау үшін бір қаладан екінші қалаға барады. Алыс ауылдар мен қалалар арасында жолаушылар таситын көліктерге, машиналарға мінеді. Машиналар өздеріне керекті жерлеріне тас жолдармен апарады. Қалада көлік түрлері өте көп. Тапсырма: Көлік түрлерін жаз	Тапсырманы орындайды Көркем жазады	Сұраққа жауап береді «бас бармақ» әдісі	
Кері байланыс	4-тапсырма.Сөздерді жалғастырып жаз 	Тапсырманы орындайды.		Суреттер
	Қорытындылау Сыныбыңда кімнің есімі Қ, әрпінен басталған?			Кері байланыс тақтасы
	ЕБҚ тапсырманы орындауда қолдау көрсетіледі			
	Үйге тапсырма: Тақпақтарды жаттап келу Көктем келді күлімдеп *Үндік, тауық, үйрек-қаз,*	Кері байланыс		

	Көкек, бұлбұл сайрап жүр. *Үміт апай бағады.* Көжек, күшік қуанып, *Үлкен көзді сирек құс,* Көгалда аунап ойнап жүр. *Үкіге ол қарады.* Кері байланыс  	жасайды.		

Білім беру ұйымының атауы	«ZIYATKER TURAN» ЖШС мектебі
Пәні:	Көркем жазу
Бөлім:	Буын және тасымал
Педагогтің аты-жөні:	С.Т.Бейсебаева
Күні:	05.02.2026ж
Сынып:	1 «А»
Сабақтың тақырыбы:	Сөз. Буын. Ұ ұ, Үү әріптерінің элементтерін жазу
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты:	Сөз. Буын. Ұ ұ, Үү әріптерінің элементтерімен таныстыру. Ұұ, Үү әріптері бар сөздерді оқып, жазып үйрету, сонымен қатар, өз тілінің қадыр - қасиетін ұға білуге үйрету.
Сабақтың мақсаты	Сөз. Буын. Ұ ұ, Үү әріптерінің элементтерімен таныстыру. Ұұ, Үү әріптері бар сөздерді оқып, жазып үйрету, сонымен қатар, өз тілінің қадыр - қасиетін ұға білуге үйрету.
Құндылықтар	заң және тәртіп өз құқықтары мен міндеттерін білу, әдеп нормаларын ұстану, сыныптағы және мектептегі мінез-құлық ережелерін сақтау;

Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі// уақыты	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы	Психологиялық ахуал «Амандасу» әдісі Өткенді пысықтау Сабаққа кіріспе Жұмбақты шеш Қыста ғана болады, Ұстасаң – қолың тоңады. Жауабы: Оқушыларды оқу мақсаты және бағалау критерийімен таныстыру ФС-тапсырма.Жаңа сабақ.ҰЖ 1- тапсырма. Уу әріптерін көркем жаз	Амандасады Жақсы тілектер айтады. Тапсырманы орындайды	 Жұмбақты шешеді Дескриптор:	Көңіл күй стикерлері Суреттер Қималар
Сабақтың ортасы	***Есіңде сақта!*** *Ұұ, -дауысты, жуан дыбыс* *Үү- дауысты, жіңішке дыбыс* **2- тапсырма. Жаңылтпашты жатқа жаз.** Бұл - бұлбұл, Бұлбұл - құс, Бұл - дүлдүл. Дүлдүл – ат Сергіту сәті Мына сөздерге тиісті әріптерді қойып, көшіріп жаз. Ұ ма? Ү ма? Б...лб...л, к...рек, қ...стар, қ...рт, т...лкі, ...йрек, т...йме, ...шқыш. Ұ Ү  	Уәріптерін көркем жазады Көркем жазады Тапсырманы орындайды Көркем жазады	Суреттерге сәйкес келетін әріптерді сызықпен қосады Дескриптор: Сөздерде неше әріп барын анықтап сызбамен көрсет еді	Таратпа парақтар Оқушы жұмысы Суреттер

Сабақты қорыту Кері байланыс	**3-тапсырма**. Сурет бойынша әңгіме құрастырып жаз.  3. Өлеңді көшіріп жаз. Көлдің мұзын күн тесті, Аппақ тонын жер шешті. Жан-жақтан күн күркіреп , Жаңбыр жауды сіркіреп. **Тапсырма:** Жіңішке айтылатын сөздерді теріп жаз Қорытындылау Сыныпта Ұұ, Үү әріптерінен басталған сөздер бар ма? ЕБҚ тапсырманы орындауда қолдау көрсетіледі **Өлеңді жатқа жаз** Ана -- біздің күніміз Ана -- біздің күніміз, Ана -- біздің гүліміз. Ұландарды қуантып, Ұзақ өмір сүріңіз! Кері байланыс 	Тапсырманы орындайды. Кері байланыс жасайды.	Өлеңде жіңішке айтылатын сөздердің астын сызады Сұрақтарға жауап береді «бас бармақ» әдісі	Кері байланыс тақтасы

Білім беру ұйымының атауы	«ZIYATKER TURAN» ЖШС мектебі
Пәні:	Көркем жазу
Күні:	12.03.2026ж
Педагогтің аты-жөні:	С.Т.Бейсебаева
Сынып:	**1 «А»**
Сабақтың тақырыбы	Көшіріп жазу диктанты
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	**Білімділігі**: Диктант жазу барысында жазу ережелерімен және мәтінмен таныстыру. Өтілген әріптерінің емлесін көркем етіп жазуға үйрету. Графикалық қателерді көру және оларды түзету жолдарын таба білуге дағдыландыру. **Дамытушылығы:** Қосымша тапсырмалар арқылы, сезімталдығын, психикалық қызметтерін дамыту. **Тәрбиелігі**: Алған білімдерін тиянақтай отырып, шыншылдыққа, ұлтжандылыққа тәрбиелеу.
Сабақтың мақсаты	Көркем жазудың тарихы мен көркем жазуға қойылатын талаптар туралы негізгі түсінікті қалыптастыру.

Сабақ барысы

Сабақтың кезеңі/ уақыты	**Педагогтің әрекеті**	**Оқушының әрекеті**	**Бағалау**	**Ресурстар**
Сабақтың басы (5 мин)	Ұйымдастыру кезеңі: Қарлығаш керілді (қолдарымызды жоғары көтереміз). Қолдарын жазды (қолымызды екі жаққа жазамыз). Еңкейді (төмен қарай иілеміз, қолымызды төмен түсіреміз). Шайқалды (екі жаққа қарай теңселеміз). Алтын кілт тапты да, (қолымызды айқастырамыз). Үйіне қайтты. (қолымызды жоғары көтереміз де бір орында тұрып, адымдаймыз).	Оқушылар сабаққа назар аударады. Нейро жаттығулар арқылы когнитивті процестерді іске қосады.	Мадақтау Жарайсың!, Керемет! Жақсы! Талпын!	
Сабақтың ортасы (20 мин)	***1. Буын жалғасын тап.*** Ал- Ар- Ай **2. Сөздік диктант орындау.** *Нан, ана, ар-на, аң, таң, на, ан* **3. Көшіріп жазу диктанты** Хамит пен Халел ауруханаға келді. Олар бір үйдің балалары. Дәрігер оларды қарап, дәрі жазып берді. Хамит пен Халел үйіне қайтты.	1. Әріп элементтерін көркем жазады 2. Қолды үзбей байланыстырып жазады. 3. Өлең шумағын құрастырады Қатесіз көшіріп жазады.	Мадақтау Жарайсың!, Керемет! Жақсы! Талпын! Лайктар салынған таратпа	Қалам, дәптер, қылқалам, бояудың суреттері

Сергіту сәті **5 минут**	Кешірімді боламыз (Өзін көрсетеді), Жұлдыздай боп жанамыз (Қолын жоғары көтереді). Кіші пейіл боламыз (Өзін көрсетеді), Құстай қанат қағамыз (Қолдарын жайып қанат қағып, саусақтарды жазуға дайындайды).	Жаттығуды орындайды Сұраққа жауап береді Жаттығуды жасайды	Жарайсың! Керемет!	
Сабақтың соңы **10 мин**	**Кері байланыс** - Бүгінгі сабақта қандай тапсырма ұнады? - Көңіл күйің қалай ? - Қандай тапсырма қиын болды?	Бүгінгі сабақтан алған әсерімен бөліседі	Мадақтау Жарайсың!, Керемет! Жақсы! Талпын!	Лайк суреті салынған таратпа Көк қарын даш

Білім беру ұйымының атауы	«ZIYATKER TURAN» ЖШС мектебі	
Пәні:	Көркем жазу	
Бөлім:	Буын және тасымал	
Педагогтің аты-жөні:	С.Т.Бейсебаева	
Күні:	02.04.2026ж	
Сынып: 1 «А»	Қатысқандар саны	Қатыспағандар саны
Тақырыбы	Буынға бөлу	
Сабақтың мақсаты	Оқушыларға әріптерді қосып оқыта отырып, буынға бөлуге үйрету. Сабаққа қызығушылығын оята отырып өз сөзімен әңгімелеуге ой-өрісін дамыту. Балаларды ұқыптылыққа таза, көркем жазу,дұрыс оқуға тәрбиелеу.	
Құндылық (негіздеме): Мемлекет басшысы Қ. Тоқаевтың Ұлттық құрылтайдың II, III, IV отырыстарында берген тапсырмалары, ҚР Оқу-ағарту министрлігінің №123 бұйрығы.	«АДАЛ АЗАМАТ» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі Астана, 2025 жыл Бағдарламасы – Біртұтас тәрбие Қаңтар айы: – заң және тәртіп айы Апта дәйексөзі:«Әділет жолы- адал жол»	
	Сабақтың барысы	


Сабақтың жоспарланған кезеңдері	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы 6 минут	Ұйымдастыру кезеңі Оқушылармен амандасады, түгендейді. Сынып бөлмесінің тазалығына назар аударады. Ынтымақтастық атмосферасын қалыптастырады. Өткенді қайталау Тапсырма: Ворд вол тапсырмасын орындайды Буындардан сөздер құра. https://wordwall.net/cb/resource/68353911 «Біртұтас тәрбие» бағдарламасындағы құндылықтарды (ынтымақтастық, құрмет) оқу процесінің басынан бастап енгізеді.Оқушылар бір-бірін тыңдауға, сөзді дұрыс айтуға және құрмет көрсетуге дағдыланады.	«Бір-бірін мұқият тыңдайды Кезекпен сөйлеуді үйренеді Сыныптастарына құрмет көрсетеді Ынтымақтастықта жұмыс істейді Өз ойын еркін, анық жеткізеді Сабақтың тақырыбы мен мақсатын болжайды	Кері байланыс (мадақтау сөздері) «Жақсы!» «Жарайсың» «Тамаша!» «Өте дұрыс айттың!»	Көрнекі құралдар ворд вол https://wordwall.net/cb/resource/68353911
Сабақтың ортасы 10минут Білу.	Саралау тәсілі. Ресурстық тәсілді қолданамын. - Бүгінгі сабақтың тақырыбы қандай деп ойлайсыңдар? Бүгінгі сабақ мақсатымен таныстыру .III. Жаңа тақырып. Құндылық тапсырма орындай отырып қалыптасады. «Пазл» әдісі 1-жаттығу Сөздерді буынға бөліп оқу -Қане балалар, мына буындарды қосып оқиықшы. Қызғалдақ Раушангүл Қалампыр Бәйшешек -Бұл ненің аттары деп ойлайсыңдар? -Дұрыс. Қане осыны дәптерге көркем етіп жаза қояйық.	сабақтың тақырыбы мен мақсатын біледі • • Кері байланыс береді және қабылдайды. • Ынтымақта, жауапкершілікпен жұмыс жасайды. Мәтін мазмұнына болжау жасап, өз ойларын айтады. Мәтінді тыңдайды. Дәптердің көлбеулігін сақтап, қаламды дұрыс ұстай отырып жазады.	Дескриптор Мәтін мазмұнына болжау жасайды Мәтінді тыңдайды. тамаша ! Дескриптор 1.Сөздерді буынға бөліп	Оқулық. Дәптер

8 минут   10 минут   <

	-Бір-біріңді тыңдадыңдар ма? -Бүгінгі сабақ сағаң ұнады ма? Неліктен? -Келесі сабақта нені үйренгің келеді?	Қызыл – қиын болды		

Білім беру ұйымының атауы	«ZIYATKER TURAN» ЖШС мектебі
Пәні:	Көркем жазу
Педагогтің аты-жөні:	С.Т.Бейсебаева
Күні: 23.04.2026ж	Сынып: 1 «А»
Сабақтың тақырыбы:	№ 29 сабақ Жазудың негізгі алгоритмі элементтерін жазу. Юю әрпін жазу
Сабақтың мақсаты	Көркем жазу дағдыларын қалыптастыру, мәтінді қатесіз көшіріп жазуға машықтандыру.

Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңдері	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы 10 мин	**Ұйымдастыру кезеңі**  **Жұмбақ** 1. Сырт—сырт соғады Уақыт озады. 2. Жылт—жылт етеді, Жылғалардан өтеді.	Оқушылардың назарын сабаққа аудару Жұмбақты шеш.	Дескриптор Дыбыстарды ажыратады.	Жұмыс парағы
Сабақтың ортасы 25мин	Жаңа сабақ 1 - тапсырма Ю ю әрпін және сөздерді көркем етіп жаз.  2 – жаттығу. Жаңылпашты жатқа жаз. **Жаңылпашты** Оюшы ою ойды, Оюды ойша ойды. Оюшы оюын Ойынан ойлап ойды.	Әр баған бойынша сыңарын табады. Батаны оқиды, мағынасына талдау жасайды.	Дескриптор Кесте бойынша сыңарын табады, мақалды толықтырып оқиды. Дескриптор Мақалды жаттай алады, жатқа айтады.	Мақал 

Қосымша тапсырма	  4 - тапсырма Берілген сөздерден сөйлем құрастырып жаз . Салды, әжем, ою, сырмаққа. Үлкен, мектепте, бар, кітапхана. Аю жүгіре, қорбаңдаған, жөнелді. Сөздерді дұрыс байланыстырып, көркем етіп жаз. Бұлбұл-- Шымшық--- Қарға --- Қаз----	Жеке жұмыс жасайды. Көркем жазады. Жаңылтпашты жатқа жазады. Сөздерді оқыды. Сөйлем құрап жазады. Сөйлемдерді оқиды. Орындарын анықтайды. Сөздерге байланысты сөздер жазады	Дескриптор Қатесіз жазады. Мәтін құрастыра алады. Дәптерлеріне қатесіз көшіреді	Жұмыс парағы  Дәптер Жұмыс парағы
Сабақтың қорыту	**Үй тапсырмасы** 	Сұрақтарға жауап береді Үй тапсырмасын алады Кері байланыс жасайды		Кері байланыс парақтары

Білім беру ұйымының атауы	«ZIYATKER TURAN» ЖШС мектебі
Пәні:	Көркем жазу
Күні:	14.05.2026ж
Педагогтің аты-жөні:	С.Т.Бейсебаева
Сынып:	1 «А»
Сабақтың тақырыбы	Мәтінді көшіріп жазу
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	Білімділігі: Диктант жазу барысында жазу ережелерімен және мәтінмен таныстыру. Өтілген әріптерінің емлесін көркем етіп жазуға үйрету. Графикалық қателерді көру және оларды түзету жолдарын таба білуге дағдыландыру. Дамытушылығы: Қосымша тапсырмалар арқылы, сезімталдығын, психикалық қызметтерін дамыту. Тәрбиелігі: Алған білімдерін тиянақтай отырып, шыншылдыққа, ұлтжандылыққа тәрбиелеу.
Сабақтың мақсаты	Көркем жазудың тарихы мен көркем жазуға қойылатын талаптар туралы негізгі түсінікті қалыптастыру.

Сабақ барысы

Сабақтың кезеңі/ уақыты	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы (5 мин)	Ұйымдастыру кезеңі: Қарлығаш керілді (қолдарымызды жоғары көтереміз). Қолдарын жазды (қолымызды екі жаққа жазамыз). Еңкейді (төмен қарай иіледі, қолымызды төмен түсіреміз). Шайқалды (екі жаққа қарай теңселеміз). Алтын кілт тапты да, (қолымызды айқастырамыз). Үйіне қайтты. (қолымызды жоғары көтереміз де бір орында тұрып, адымдаймыз).	Оқушылар сабаққа назар аударады. Нейро жаттығулар арқылы когнитивті процестерді іске қосады.	Мадақтау Жарайсың!, Керемет! Жақсы! Талпын!	
Сабақтың ортасы (20 мин)	**1 тапсырма: Мәтінді көшіріп жазу арқылы әріптер, сөздер мен сөйлемдер арасындағы ара қашықтықты сақтауды, үзіліссіз жазуды меңгерту.** Таудың табиғаты тамаша. Пернегүл, Перизат табиғатты тамашалап, таңқурай терді. Ашық аспанда күн күлімдеп тұрды. Қыздар үйге қайтты. 3. **Мәтінді көшіріп жазу арқылы, байланыстыра жазуды меңгерту.** Орман Раушанның үйіне бірнеше шақырым еді. Ол алыс жол жүріп келді. Раушан алшаны	1. Әріп элементтерін көркем жазады 2. Қолды үзбей байланыстырып жазады. 3. Өлең шумағын құрастырады Қатесіз көшіріп жазады.	Мадақтау Жарайсың!, Керемет! Жақсы! Талпын! Лайктар салынған таратпа	Қалам, дәптер, қылқалам, бояудың суреттері

	теріп, шараға салды. Шара ауыр болды.			
Сергіту сәті 5 минут	Бір саусағым тіптіде (Сұқ саусағын көрсетеді), Ұстамайды жіптіде (Қолымен жіп ұстаған әрекетте болады). Екі саусақ бірікті (Екі саусағын көрсетеді), Ине қолға ілікті (Ине ұстауға қолды икемдеу). Үш саусағым орамды (Үш саусағын көрсетеді), Жүгіртеді қаламды (Қолды жазуға дайындау). Өнерлі екен он саусақ (Он саусақты көрсетеді), Қала салсақ, жол салсақ (Төменге еңкейіп,қолды қозғалтады). **4 – тапсырма. Блиц- турнир сұрақтары. «Кім көп біледі?» ойыны арқылы табылған сөздерді жазуға ұсыну.** Жеңіл, әдемі,жұпар иісті – --- Ас атасы – ...---------- Қысқы аяқ-киім – ---------- Үш сөзді жол сақшысы – ------	Жаттығуды орындайды Сұраққа жауап береді Жаттығуды жасайды Ойынды қызыға орындайды, сөздерді тауып жазады.	Жарайсың! Керемет!	
Сабақтың соңы **10 мин**	**Кері байланыс** - Бүгінгі сабақта қандай тапсырма ұнады? - Көңіл күйін қалай ? - Қандай тапсырма қиын болды?	Бүгінгі сабақтан алған әсерімен бөліседі	Мадақтау Жарайсың!, Керемет! Жақсы! Талпын!	Лайк суреті салынған таратпа Көк қарын даш